

**«Қазақ тілі», «Қазақ әдебиеті», «Қазақ тілі мен әдебиеті»
пәндері бойынша тапсырмаларды құрастыру және сараптау
(9-сыныптарды қорытынды аттестаттау бойынша)» курсы**



НҰР-СҰЛТАН, 2020

Нормативтік және әдістемелік-нұсқау құжаттармен танысу

Келесі сұрақтарды талқылаңыз:

- Нормативтік, әдістемелік-нұсқау құжаттары дегеніміз не?
- Құжаттардың қолданылуы қаншалықты маңызды?
- Тәжірибеде қалай қолданылып жүр?

Алдымен...



... содан соң...




Нормативтік, әдістемелік-нұсқау құжаттары

Нормативтік, әдістемелік-нұсқау құжаты – ...:

- нормаларды белгілейтін, олардың қолданылуын өзгертетін, толықтыратын нысандағы жазбаша ресми құжат.
- қандай да бір нормаларды мазмұндайтын акт.



Тәжірибелік жұмыс
Қызметіңізге қатысты нормативтік, әдістемелік-нұсқау құжаттардың
тізімін жасаңыз.



Нормативтік, нұсқаулық-әдістемелік құжаттар

- Стандарт
- Оқу бағдарламасы
- Ұзақ мерзімді жоспар
- Орта мерзімді жоспар
- Қысқа мерзімді жоспар
- 2019-2020 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерде оқу үдерісін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік-нұсқау хат
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2008 жылғы 18 наурыздағы «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» N125 Бұйрығы (2019 жылдың 26 қарашасындағы №509 өзгерістермен)
- 2018 жылғы 26 қаңтардағы «Орта білім беру ұйымдарының жеке санаттағы педагог қызметкерлері жүргізу үшін ұсынылатын құжаттардың тізбесін анықтау туралы» № 32 бұйрығы
- Негізгі және жалпы орта мектеп мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық
- Тоқсандық жиынтық бағалау спецификациясы
- Жиынтық бағалауға арналған әдістемелік ұсыныстар
- Қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмалар жинағы
- Орта білім беру ұйымдарында 9-сынып білім алушыларын қорытынды аттестаттаудан өткізу тәртібі туралы нұсқаулық

Критериалды бағалау бойынша нормативтік құжаттардағы өзгерістер мен толықтырулар



Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2008 жылғы 18 наурыздағы «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» N 125 Бұйрығы (2019 жылдың 26 қарашасындағы №509 өзгерістермен)

9 (10) – сынып білім алушыларын қорытынды аттестаттау

№125 бұйрық өзгерістермен (№509 26.11.2019 ж.)

Ана тілі бойынша жазбаша емтихан (оқыту тілі бойынша) – **жазбаша жұмыс (эссе)**, гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын мектеп оқушылары үшін **жазбаша жұмыс (мақала, әңгіме, эссе)**.

Математикадан (алгебрадан) **жазбаша емтихан**.

Орыс, өзбек, ұйғыр және тәжік тілдерінде оқытатын сыныптардағы қазақ тілі мен әдебиеті бойынша **жазбаша емтихан** және қазақ тілінде оқытатын сыныптардағы орыс тілі мен әдебиеті бойынша **жазбаша емтихан**.

Таңдау пәні (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын, француз, неміс), информатика) бойынша **жазбаша емтихан**.

9 (10) – сынып білім алушыларын қорытынды аттестаттау

№125 бұйрық өзгерістермен (№509 26.11.2019 ж.)

9 (10) сынып білім алушылары үшін емтихан жұмыстарының материалдарын (тапсырмалар мен балдарды қою схемасы) облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының **білім басқармалары** (бұдан әрі – білім басқармалары), республикалық мектептердің 9 (10) сынып білім алушылары үшін **емтихан жұмыстарының материалдарын** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) дайындайды.

Қорытынды аттестаттаудың мазмұнын анықтайтын **талаптар және күтілетін нәтижелер** әр пән мен оқыту тілі бөлінісінде ерекшелікпен **регламенттеледі**.

Бір және екі пәннен жылдық қанағаттанарлықсыз баға алған 9 (10) сыныптардың білім алушыларына қорытынды аттестаттау өткенге дейін сол пәндерден оқу жылы бойынша **қосымша жиынтық бағалау жүргізіледі**.

9 (10) сыныпта жазбаша жұмыстарды орындауға – **2 астрономиялық сағат**, математикаға (алгебраға) (жазбаша) – **3 астрономиялық сағат** (физика-математикалық бағыттағы мамандандырылған мектептерде – 4 сағат) бөлінеді.

9 (10) – сынып білім алушыларын қорытынды аттестаттау

№125 бұйрық өзгерістермен (№509 26.11.2019 ж.)

Жазбаша емтихан және тестілеу аяқталғаннан кейін Комиссия мүшелері **мектеп ғимаратында** жалпы орта білім туралы «Алтын белгі» аттестаттарын алуға үміткерлердің жұмыстарынан басқа білім алушылардың жұмыстарын тексереді.

Тексерілмеген жұмыстар мектеп басшысына сақтау үшін тапсырылады. Тексеру кезінде **қателердің асты сызылады**. Жалпы орта білім курсы бойынша эсседе **қателердің саны** жеке көрсетіледі.

Математика (алгебра) пәні бойынша **«2» және «5»** деген бағалар қойылған жазбаша жұмыстарға мектеп Комиссиясы **пікір жазады**. 9 (10) сыныпта жұмыстар балл қою кестесіне сәйкес тексеріледі.

9 (10) сынып білім алушыларының пәндер бойынша қорытынды аттестаттау **нәтижелері** балл түрінде **журналға (қағаз/электрондық)** қойылады және осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес емтихан балдарын емтихан бағасына **ауыстыру шәкілі** бойынша ауыстырылады.

9 (10) сыныпта пән бойынша қорытынды бағаларды шығару кезінде қорытынды баға емтихан нәтижелері (бес балдық шәкіл бойынша) және оқу жылындағы тоқсандық бағалар (бес балдық шәкіл бойынша) **30%-70% пайыздық арақатынаста** қойылады. Қорытынды бағаны дөңгелектеу ең жақын бүтіндікке қарай жүргізіледі.

2018 жылғы 26 қаңтардағы «Орта білім беру ұйымдарының жеке санаттағы педагог қызметкерлері жүргізу үшін ұсынылатын құжаттардың тізбесін анықтау туралы» № 32 бұйрығы

Педагог қызметкерлер	Орта білім беру ұйымдарында педагог қызметкерлер жүргізетін құжаттар тізімі
Мұғалім	<ul style="list-style-type: none"> - Сынып журналы*; - Күнтізбелік-тақырыптық жоспар*; - Күнделікті сабақ жоспары немесе қысқа мерзімді жоспар*; - Критериалды бағалауға қатысты құжаттар (қалыптастырушы және жиынтық бағалау); - Білім алушылар күнделігі;
Сынып жетекшісі міндетін атқарушы мұғалім	<ul style="list-style-type: none"> - Сынып журналы*; - Білім алушының жеке іс парағы (соның ішінде білім алушылардың оқу үлгерімі табелі); - Тәрбие жұмысының жоспары (оқу жылының басында бір рет толтырылады); - Ата-аналар жиналысының хаттамалары; - Білім алушылар күнделігі*.
Директордың орынбасары (лауазымдық міндеттеріне сәйкес)	<ul style="list-style-type: none"> - Жалпы мектептің жылдық жұмыс жоспары; - Оқу жоспары; - Тарификация; - Сағатты есептеу; - Жұмыс уақытын есепке алу табелі; - Сабақ кестесі; - Емтихан қорытындысының хаттамалары; - Жалпы ата-аналар жиналысының хаттамалары; - Бітірушілердің жұмысқа орналасуын есепке алу журналы*; - Мақтау қағаздары мен мақтау грамоталарын беруді есепке алу кітабы, білім алушылардың оқу үлгерімі табельдері*; - Сабаққа келмеген және ауыстырғандарды есепке алу кітабы*; - Оқу-әдістемелік жұмыс құжаттары; - Мектепшілік бақылау құжаттары; - Педагогтерді аттестаттау материалдары*;

Оқу үдерісіне қатысты қажетті құжаттар

- ✓ «Қазақ тілі», «Қазақ әдебиеті», «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндері бойынша оқу бағдарламасы – **міндетті**.
- ✓ Ұзақ мерзімді жоспар – **міндетті**. (күнтізбелік-тақырыптық жоспарға негіз болады.)
- ✓ Орта мерзімді жоспар – **ұсыныс**
- ✓ Қысқа мерзімді жоспар – күнделікті сабақ жоспары. Сабақтың мақсаты бағдарламада көрсетілген оқу мақсаттарынан алынады. **міндетті**.
- ✓ 2019-2020 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерде оқу үдерісін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік-нұсқау хат – **міндетті**.
- ✓ Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік қағидалары – **міндетті**.
- ✓ Негізгі және жалпы орта мектеп мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық – **ұсыныс**.
- ✓ Тоқсандық жиынтық бағалау спецификациясы – **міндетті**. (тоқсандық жиынтық бағалауды өткізуге негіз болады.)
- ✓ Жиынтық бағалауға арналған әдістемелік ұсыныстар – **ұсыныс**
- ✓ Қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмалар жинағы – **ұсыныс**

Оқу
БАҒДАРЛАМАСЫ



БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІ



ОҚЫТУ



Оқу бағдарламасы, бағалау мен оқыту арасындағы сәйкессіздік нәтиженің болмауына себеп болады

Жаңартылған оқу бағдарламасының ерекшелігі



- Пән мазмұнының спиралді қағидатпен берілуі



- оқытудың тәрбиелік әлеуетін арттыру, оқушының адамгершілік-рухани қасиеттерін қалыптастыру;



- Блум таксономиясы бойынша оқу мақсаттарының иерархиясы;



- білім беру деңгейлері аралығында пән бойынша сабақтастықты ескеруге мүмкіндік беретін толық оқу курсы бойынша педагогикалық мақсат қою;



- бір білім беру аясындағы және пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру мақсатында «ортақ тақырыптардың» берілуі



- бөлімдердің мазмұны мен ұсынылған тақырыптардың уақыт талабына сәйкес келуі, әлеуметтік дағдыларды қалыптастыруға назар аударылуы;



- оқу үдерісін ұзақ мерзімді, орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарлар арқылы ұйымдастыру;



- оқытудағы жүйелі-әрекеттік ұстаным (оқушының білім алу үдерісіне белсенді қатысу)

Қалыптастырушы бағалау

Бөлім бойынша жиынтық бағалау

Тоқсандық жиынтық бағалау

6.3.2.1 ресми стильдегі мәтіндердің стильдік ерекшелігін анықтау (мінездеме)

6.3.2.1 ресми стильдегі мәтіндердің стильдік ерекшелігін анықтау (мінездеме)

6.3.2.1 ресми стильдегі мәтіндердің стильдік ерекшелігін анықтау (мінездеме)

Тапсырма

Топтық жұмыс

1. «Бұрыш әдісімен мінездемеге тән ерекшеліктерді берілген уақыт шеңберінде жазып шығыңыз.

Жұптық жұмыс

2. «Белгі соғып оқу» әдісімен жазғандарыңызды қолданып, берілген мәтінде олардың қайсысы кездесетінін белгілеп көрсетіңіз.

Тапсырма

Оқылым

Қарағанды қаласының «№51 жалпы орта білім беретін мектептің» 6 «А» сынып оқушысы
Кондрашова Владленаға
мінездеме

Кондрашова Владлена 2014 жылы 25 қаңтарда туған. 2014 жылдан бастап №51 жалпы орта білім беретін мектепте оқиды. Сабақты «4» пен «5»-ке оқиды. Мектептегі «Балдәурен» би ансамблінің мүшесі. Осы ансамбль құрамында облыстық, аудандық байқауларға қатысып, бірнеше мәрте жүлделі орындарға ие болды.

Мінезі ашық, іскер, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары. Өз жұмысына, сабаққа ынталы, адамдармен тез тіл табыса білетін Асқаров Арлан Қалибекұлы мұғалімдер мен сыныптастарының арасында сыйлы және олардың зор ықыласына бөленген.

Мектеп директоры қолы Т.З.Зейнелов
17.12.2019ж.

1. Мәтінді оқып, мінездемеге тән стильдік ерекшелікті көрсетіңіз және мысал келтіріңіз.

Стильдік ерекшелік	Мысалдар
1)	
2)	

Тапсырма

Оқылым

Семей қаласының «№21 жалпы орта білім беретін мектептің» 6«Б» сынып оқушысы
Асқаров Арлан Қалибекұлына
мінездеме

Асқаров Арлан Қалибекұлы 2014 жылы 15 ақпанда туған. 2014 жылдан бастап №21 жалпы орта білім беретін мектепте оқиды. Оқу барысында өзін жақсы жағынан көрсете алды. Сабақты «4» пен «5»-ке оқиды. Математика пәнінен қалалық олимпиадаға, оқушылар арасында өтетін ғылыми конференцияларға қатысып, жүлделі орындарға ие болды. Өзінің терең білімін, ғылыми – зерттеу жұмысқа деген зор оқу қабілетін көрсете алды.

Асқаров А.Қ мектептің тәрбиелік іс-шараларына үнемі қатысады, сонымен қатар өз сыныбының старостасы. Жергілікті баспасөз басылымдарына шыққан мақалалары бар.

Мінезі ашық, іскер, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары. Өз жұмысына, сабаққа ынталы, адамдармен тез тіл табыса білетін Асқаров Арлан Қалибекұлы мұғалімдер мен сыныптастарының арасында сыйлы және олардың зор ықыласына бөленген.

Мектеп директоры қолы Т.З.Зейнелов
17.12.2019ж.

1. Берілген тұжырымдарға сүйеніп, мінездеме жанрына тән ақпараттарды анықтаңыз.

Тұжырым	ИӘ	ЖОҚ
а) Мінездеменің кіріспе бөлімі өмірбаяндық сипатта жазылады.		
б) Мінездеменің қорытынды бөлімінде адамның жеке басына мінездеме беріледі.		
с) Мінездеме бірінші жақта жазылады.		

[2]

2. Адамның жеке басының мінез-құлқын сипаттайтын екі сөйлемді көрсетіңіз.

- Мінезі ашық, іскер, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары.
- 2014 жылдан бастап №21 жалпы орта білім беретін мектепте оқиды.
- Оқушылар арасында өтетін ғылыми конференцияларға қатысады.
- Адамдармен тез тіл табыса біледі.
- Ғылыми-зерттеу жұмысына деген зор оқу қабілетін көрсете алады.

[2]

Дескриптор

- мінездемеге тән ерекшеліктерді жазады;
- берілген уақытты сақтайды;
- мәтіннен ерекшеліктерге сәйкес келетін мысалдарды белгілейді.

Дескриптор

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
Мінездемеге тән стильдік ерекшелікті анықтайды	1	Білім алушы	
		Мәтіннен 2 стильдік ерекшелікті анықтайды:	
		1-стильдік ерекшелік;	1
		2-стильдік ерекшелік;	1
		Өр стильдік ерекшелікке мәтіннен мысал келтіреді:	
		1-мысал;	1
		2-мысал;	1

Балл

Жауап

Балл

Оқылым		
1	Иә: a, b Жоқ: c	2
2	a d	1 1



Білім алушыларды қорытынды аттестаттау материалдарын дайындау кезеңдері

Білім алушыларды қорытынды аттестаттау

- мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында қарастырылған білім деңгейіне сәйкес білім алушылардың оқу пәндерінің көлемін меңгеру деңгейін анықтау үшін өткізілетін шара.
- пән бойынша оқу бағдарламасының мазмұнын қамтиды және оқушылардың білімдері мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартындағы күтілетін нәтижелермен анықталады.
- қорытынды аттестация тапсырмалары пән бойынша тест спецификациясына сүйеніп жасалады.



Емтихан материалдарын құрастыру мен сараптамадан өткізу кезеңдері



Талқылайық!

Өзіңіздің емтихан материалдарын дайындау тәжірибеңізге ұсынылған кезеңдердің қайсысы тиімді деп ойлайсыз?



Тест спецификациясы не үшін қажет?

Спецификация құрылымы мен мазмұнына не кіреді деп ойлайсыз?






9-сыныпқа арналған қорытынды аттестаттау спецификациясы



Тест спецификациясы қорытынды аттестацияның мазмұнына, құрылымына және өткізілуіне қойылатын талаптарды қамтиды.



Қорытынды аттестация спецификациясы жаңартылған білім мазмұнының оқу бағдарламалары мен критериалды бағалау жүйесінің арасындағы тығыз байланысқа негізделіп құрастырылған.



Емтихан жұмыстарының мазмұны пән бойынша оқу бағдарламасының күтілетін нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған және білім алушы меңгеруі тиіс дағдыларды қамтиды.



Емтихан жұмыстарын бағалау балдық жүйе бойынша жүзеге асырылады және балға пайыздық қатынасты анықтау арқылы тиісті баға қойылады.

Қорытынды аттестаттауды өткізу формасы

9 (10)-сынып

Қорытынды бітіру емтихандары

4 емтихан, оның 1-еуі таңдау пәні

- 1) ана тілі бойынша жазбаша емтихан (оқыту тілі бойынша) – жазба жұмысы (эссе), гуманитарлық циклдағы пәндерді тереңдетіп оқытатын мектеп білім алушылары үшін – жазба жұмысы (мақала, әңгіме, эссе);
- 2) математика бойынша жазба жұмысы (алгебра);
- 3) орыс, өзбек, ұйғыр және тәжік тілдерінде оқытатын сыныптарда қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан және қазақ тілінде оқытатын сыныптарда орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан;
- 4) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын, француз, неміс), информатика)»;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 Бұйрығымен бекітілген Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларына сәйкес, 2018 жылғы 25 қыркүйектегі №494 өзгерістермен

«Қазақ тілі», «Қазақ әдебиеті», «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндерінен емтихан форматындағы өзгерістер

Емтихан пәндер	Бағыты	Қазіргі формат	МЖМББС сәйкес ұсынылатын үлгі
1. Қазақ тілі	(гуманитарлық циклдегі пәндерді тереңдетіп оқытатындар үшін	<u>шығарма</u>	Жазбаша емтихан (оқылым және жазылым дағдыларын тексеру). Емтихан жұмысының құрылымы екі мәтінмен жұмыс жасауды қарастырады (мәтіннің жалпы көлемі– 450-500 сөз): <ul style="list-style-type: none"> Мәтін негізінде жазбаша жұмыс орындалады (мақала, ұсыныс, эссе және т.б.), онда дәлелдер, дәйектер және сәйкес лексика қолданылады(200-250 сөз). Максималды балл: 20. Уақыт ≈ 1,2 часа.
	Қалғандары үшін	<u>диктант</u>	Жазбаша емтихан. (оқылым және жазылым дағдыларын тексереді). Емтихан жұмысының құрылымы екі мәтінмен жұмыс жасауды қарастырады. (мәтіннің жалпы көлемі– 400-450 сөз): <ul style="list-style-type: none"> Мәтін негізінде жазбаша жұмыс орындалады (эссе) онда дәлелдер, дәйектер және сәйкес лексика қолданылады (170-200 сөз). Максималды балл: 20. Уақыт ≈ 1,2 сағат.
2. Қазақ әдебиеті	-	<u>Жазбаша емтихан</u>	Жазбаша емтихан. Емтихан жұмысының құрылымы: <ul style="list-style-type: none"> көп таңдауы бар 4 тапсырма; Қысқа және толық жауапты қажет ететін 4 тапсырма Максималды балл: 30 (30% – түсіну және жауап беруге, 40% – анализ және интерпретация, 30% – бағалау және салыстыру). Уақыт ≈ 2 сағат.
3. Қазақ тілі мен әдебиеті (оқыту орыс, өзбек, ұйғыр тілдерінде жүргізілетін сыныптар үшін)	-	<u>Ауызша емтихан</u>	Жазбаша емтихан (оқылым дағдысын тексеру). Емтихан жұмысының құрылымы мәтінмен жұмыс жасауды қарастырады (300-350 сөз): <ul style="list-style-type: none"> Лексикалық талдауға 5 тапсырма; Перефразға 10 тапсырма; Қысқа және толық жауапты қажет ететін 3 тапсырма Максималды балл: 20. Уақыт ≈ 1,2 сағат.

«Қазақ тілі» пәнінен (оқыту қазақ тілінде) қорытынды аттестаттау спецификациясына шолу

Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы
«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы

«Қазақ тілі» пәнінен (оқыту қазақ тілінде)
қорытынды аттестаттау спецификациясы

9-сынып

2 Емтихан жұмысының сипаттамасы

Оқылым және жазылым	1 сағат 20 минут
<p>Емтихан жұмысы өтілген тақырыптарға сәйкес келетін екі мәтін үзінділерімен жұмысқа негізделеді (мәтіндердің жалпы көлемі – 400-450 сөз). Білім алушылар мәтін үзінділері негізінде 170-200 сөзден тұратын жазба жұмысын (эссе) орындайды.</p> <p>Гуманитарлық циклдағы пәндерді тереңдетіп оқытатын мектептің білім алушылары үшін емтихан жұмысы өтілген тақырыптарға сәйкес келетін екі мәтін үзінділерімен жұмысқа негізделеді (мәтіндердің жалпы көлемі – 450-500 сөз). Білім алушылар мәтін үзінділері негізінде 200-250 сөзден тұратын жазба жұмысын (мақала, эссе, әңгіме) орындайды.</p> <p>Тапсырмада білім алушылардың мәтін ақпаратын тиімді пайдаланып, стильдік және жанрлық ерекшелікті сақтап, аргументтер келтіре отырып, жүйелі және сенімді жаза алуы, өз ойларын дәлелді жеткізуі, сонымен бірге сөздік қор мен орфографиялық, грамматикалық норманы сауатты қолдану қабілеттері бағаланады.</p> <p>Сөздіктерді қолдануға тыйым салынады.</p>	
Максималды балл	20 балл

Бағалау міндеттері (БМ)

1-БМ	<p>Коммуникативтік құзырлық</p> <p>Білім алушы:</p> <ul style="list-style-type: none">• әртүрлі типтегі, жанрлар мен стильдердегі мәтіндерден негізгі және егжей-тегжейлі ақпаратты (мәтіндік, сандық, графикалық) түсініп, интерпретациялауы;• әртүрлі дереккөздерден қажетті ақпараттарды алып, оларды талдауы және жинақтауы;• білім алушы естіген және оқыған ақпараттарын жинақтай отырып, әртүрлі типтегі, жанрдағы және стильдегі мәтіндерді жазуы;• ұсынылған ақпаратты талдау және бағалау қабілетін көрсете отырып, өзінің проблемалық сипаттағы мәтінін (мақала, эссе, хат және т.б.) жазуы тиіс.
2-БМ	<p>Тілдік құзырлық</p> <p>Білім алушы:</p> <ul style="list-style-type: none">• орфографиялық, грамматикалық және стилистикалық, пунктуациялық нормаларды сақтауы тиіс.

Бағалау міндеттері бойынша балдарды бөлу

Бағалау міндеттері	Емтихан жұмысы
1-БМ Коммуникативтік құзырлық	10
2-БМ Тілдік құзырлық	10
Барлығы	20

Емтихан жұмысы үшін балдар мен бағаларды қою үдерісі

Балдар	Балдардың % пайыздық қатынасы	Баға
0-7	0-39	2 (қанағаттанарлықсыз)
8-12	40-64	3 (қанағаттанарлық)
13-16	65-84	4 (жақсы)
17-20	85-100	5 (өте жақсы)

«Қазақ әдебиеті» пәнінен қорытынды аттестаттау спецификациясына шолу

Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы
«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы

«Қазақ әдебиеті» пәнінен
қорытынды аттестаттау спецификациясы

9-сынып

2 Емтихан жұмысының сипаттамасы

Емтихан жұмысы	2 сағат
Емтихан жұмысы барлығы 30 балмен бағаланатын екі бөлімнен тұрады: А бөлімі бірнеше таңдауы бар, ал В бөлімі толық жауапты қажет ететін сұрақтарды қамтиды.	
А бөлімі Білім алушылар 4 бір және бірнеше таңдауы бар, сондай-ақ сәйкестендіру тапсырмаларын орындайды. Тапсырмалар 1 балмен бағаланады.	
В бөлімі Білім алушылар толық жауапты қажет ететін 4 тапсырма орындайды. Тапсырмалар 3-9 балмен бағаланады.	

Бағалау міндеттері (БМ)

1-БМ	<p>Білу және түсіну</p> <p>Білім алушы:</p> <ul style="list-style-type: none">• өртүрлі жанрдағы шығармалардың мазмұнын білуі;• өлең немесе прозалық мәтіндердің фрагменттерін; шығармалардан дәйексөздерді білуі;• шығарманың тақырыбын, идеясын, проблемаларын, автордың көзқарасын, ашық және астарлы айтылған мағыналарды түсінуі тиіс.
2-БМ	<p>Қолдану және жоғары деңгей дағдылары</p> <p>Білім алушы:</p> <ul style="list-style-type: none">• оқығанына өзінің көзқарасын дәлелмен тұжырымдауы;• өртүрлі жанрда бейнеленген шығармаларды; шығарма композициясының сюжеттік, тілдік ерекшеліктерін, негізгі эпизодтарын, кейіпкерлердің іс-әрекетін және амалдарын талдауы;• жазбаша мәтіндерді құрастыру үшін алған білімін, білігін және дағдыларын жинақтауы;• оқылған шығарманың идеялық-көркемдік, композициялық, стильдік тұтастығы, тілдік ресімделуі тұрғысынан көркем мәтінге сыни баға беруі тиіс.

Бағалау міндеттері бойынша балдарды бөлу

Бағалау міндеттері	Емтихан жұмысы
1-БМ	12
2-БМ	18
Барлығы	30

Емтихан жұмысы үшін балдар мен бағаларды қою үдерісі

Балдар	Балдардың % пайыздық қатынасы	Баға
0-11	0-39	2 (қанағаттанарлықсыз)
12-19	40-64	3 (қанағаттанарлық)
20-25	65-84	4 (жақсы)
26-30	85-100	5 (өте жақсы)

Қорытынды аттестаттау тапсырмаларын құрастыруда пән бойынша қандай талаптар ескерілуі керек?



Құрастыру

Қорытынды аттестаттау тапсырмаларына қойылатын талаптар

Емтихан
тапсырмалары

Математикалық,
жаратылыстану,
мәдениетаралық,
жаһандық,
сандық және оқу
сауаттылықтарын
бағалауға бағытталады.



Анықтық,
сенімділік,
әділдік,
қолайлылық
талаптарына сай
құрастырылады

Анықтық, сенімділік, әділдік, қолайлылық
талаптары дегенді қалай түсінеміз?



Бағалау қағидаттары бізден нені талап етеді?

АНЫҚТЫҚ

- ✓ Тапсырмалардың оқу бағдарламасына/ мақсаттарына сәйкестігі
- ✓ Тапсырмалар көлемі/ саны
- ✓ Бағаланатын элемент/дағды
- ✓ Уақыт

Сенімділік

- ✓ Тапсырма нұсқаулығының дұрыс болуы
- ✓ Тапсырма мен балл қою кестесінің сәйкестігі
- ✓ Сәйкес тілдің қолданылуы

Әділдік

- ✓ Барлық оқушыға тең жағдайдың қарастырылуы
- ✓ Балл қою кестесінің нақтылығы

Қолайлылық

- ✓ Сұрақтың/тапсырманың көлемі уақытқа сай болуы
- ✓ графикалық рәсімделуі
- ✓ парақтарда орналасуы
- ✓ нөмірленуі



Емтихан материалдарының мазмұнына қойылатын талаптар:

- Саяси немесе діни сипаттағы мәселелер, дүлей апаттар мен зілзала, өлім немесе отбасылық қайғылы оқиғаларға тоқталмау.
- Қауіпті тіршілік иелерімен байланысты (мысалы, жылан, өрмекші және с.с.) қолайсыз немесе жағымсыз сезімдер тудыратын тақырыптардан аулақ болған жөн.
- Оқу жылында қарастырылған сұрақтар мен тапсырмалар емтихан материалдары ретінде қолданылмауы керек.
- Емтихан материалдарында алкогольдік маскүнемдік, нашақорлық, құмар ойындар тақырыбы көтерілмеуі керек.
- Мектеп зертханасында жоқ қымбат құрал-жабдықтарды талап ететін тапсырмалар құрастырмаған жөн.



- ▶ Үнемі сұрақтар және тапсырмалармен қатар құрастырылады.
- ▶ Үнемі сұрақтар және тапсырмалармен қатар түзетіліп отырады.
- ▶ Балл қою кестесін құрастыруда қиындықтар туындаған болса, Сіздің сұрағыңыз немесе тапсырмаңыз дұрыс құрастырылмаған не болмаса сенімсіз деген сөз.
- ▶ Қабылдауға болатын балама жауаптарды көрсету қажет.

Нақты балл қою кестесі және жалпы балл қою кестесінің қандай айырмашылығы бар?



Нақты және жалпы балл қою кестесі

Балл қою кестесі

Тыңдалым, оқылым

Тапсырма	Жауабы	Балл	Қосымша ақпарат
Тыңдалым			
1	a	1	Әр дұрыс жауапқа 1 балдан
2	1) Мұң-шерін тарқату үшін; 2) Қуанышы мен қайғысын бөлісу үшін;	1 1	Осы жауаптарға жуық жауаптар қабылданады
3	b	1	Әр дұрыс жауапқа 1 балдан
4	d	1	
Оқылым			
1	b – 1 c – 2 a – 3	1 1 1	Әр дұрыс жауапқа 1 балдан
2	a	1	
3	b	1	

Балл қою кестесі

Тыңдалым және айтылым

Балл	Коммуникативтік қабілеттілік	Грамматикалық қабілеттілік
5	Дейкселді негізге ала отырып, өз болжамын білдіреді. Болжамның себебін дөпалді түрде өте жақсы жеткізеді. Жұбатын жасаған болжамна кәсісу не кәсіспеу пікірін білдіреді, себебін дөпалді түсіндіреді.	Ойын аяқталған, толық сөйлемдермен жеткізеді. Ой мен ойын байланыстыруда грамматикалық дұрысты өте жақсы қолданады. Сөздік қоры мол. Парант сөздер мен қайталануы жоқ. Жәке пікірін білдіруде қыстырма сөздер мен оқшау сөздерді өте орынды, тиімді пайдаланады.
4	Өз болжамын жеткілікті білдіреді. Болжамның себебін дейкселден байланыстырып, дөпалді жеткілікті. Жұбатын жасаған болжамна кәсісу не кәсіспеу пікірін білдіреді, себебін жақсы түсіндіреді.	Ойын аяқталған, толық сөйлемдермен жеткізеді. Ой мен ойын байланыстыруда грамматикалық дұрысты жақсы қолданады. Сөздік қоры жеткілікті. Парант сөздер мен қайталануы азды көрседі. Жәке пікірін білдіруде қыстырма сөздер мен оқшау сөздерді орынды пайдаланады.
3	Өз болжамын қанағаттанарлық дәрежде білдіреді, дейкселдің мағынасын азды ауыстыр байлалды. Болжамның барлығы дейкселден байланыса беріледі, дөпалді жеткілісіз, толықтыруда қажет өтеді. Жұбатын жасаған болжамна кәсісу не кәсіспеу пікірін білдіреді, себебін түсіндіруі қанағаттанарлық.	Ойын кейде аяқталған, арақары синтаксистік құрылымды сақталмаған сөйлемдермен жеткізеді. Ой мен ойын байланыстыруда грамматикалық қателері көрседі. Сөздік қоры қанағаттанарлық. Парант сөздер мен қайталануы көрседі. Жәке пікірін білдіруде қыстырма сөздер мен оқшау сөздерді орынды, орынсыз пайдаланады.
2	Болжамы көп жағдайда жалпы, көбір ойлары жуық, алайда дейкселді назарға ала беріледі. Дөпалділер кәсіруде тырысады, бірақ негісіз. Жұбатын болжамна синтаксистік түрінде пікір білдіреді, себебін түсіндірмейді.	Ойын көп жағдайда аяқталмайды, жәке сөйлемдерді, қарапайым синтаксистік құрылымдарды қолданады. Ой мен ойын байланыстыруда грамматикалық қателері жәке көрседі. Сөздік қоры құрделікті ауытқы лексикадан тұрады. Парант сөздер мен қайталануы жәке көрседі. Жәке пікірін білдіруде қыстырма сөздер мен оқшау сөздерді орынсыз пайдалануы жәке көрседі.
1	Болжамдары суреттерімен сөйнесе беріледі, көбінесе суреттердегі деталдарды ағуымен шектеледі. Жұбатын болжамна синтаксистік түрінде пікір білдіреді, дөпалді жоқ.	Ойын аяқталмайды, қарапайым синтаксистік құрылымдармен шектеледі. Грамматикалық дұрысты жеткіспеудікізеді, ой мен ойын байланыстырма, жүйе жоқ. Парант сөздер мен қайталануы негізгі лексикадан басына.

Технологиялық матрицаның үлгісі

Сұрақ нөмірі	1-БМ: Коммуникативтік құзырлық	2-БМ:: Тілдік құзырлық	3-БМ:: Мәдениаралық құзырлық және заманауи қоғам туралы білімі	Тақырып/жанр
1(а)сұрағы	ОМ 15 балл			Салт-дәстүрлер / мақала/ сұхбат
1(б)сұрағы	ОМ 20 балл			
2-сұрақ	15 балл			...
Барлығы	ОМ 50 балл			...

Сұрақ нөмірі	1-БМ: Коммуникативтік құзырлық	2-БМ:: Тілдік құзырлық	3-БМ:: Мәдениаралық құзырлық және заманауи қоғам туралы білімі	Тақырып/жанр
Шығармашылық жазылым				
1	25 балл			әңгіме
2	25 балл			...
3	25 балл			...
Мақсатты аудиторияға арналған жазылым				
4	25 балл			...
5	25 балл			...
6	25 балл			...
Барлығы	50 балл			

Тест спецификацияда көрсетілген бағалау міндеттерінің оқу мақсаттармен арақатынасы

Оқу бағдарламасындағы бөлімдер, тақырыптардың көрсетілуі

Тапсырмаға алынатын мәтіндердің жанры, жазба жұмысының жанры

Әр тапсырмаға қойылатын балл, жалпы балл

Тесттің технологиялық матрицасы

Сұрақ нөмірі	1-БМ: Коммуникативтік құзырлық	2-БМ:: Тілдік құзырлық	3- БМ:: Мәдениаралық құзырлық және заманауи қоғам туралы білімі	Тақырып/ жанр
1(а)сұрағы	ОМ 15 балл			Салт-дәстүрлер / мақала/ сұхбат
1(б)сұрағы	ОМ 20 балл			
2-сұрақ	15 балл			...
Барлығы	ОМ 50 балл			...

Тапсырма құрастыруда технологиялық матрицаны қолдану қаншалықты маңызды?



Тапсырмалардың қандай түрлерін білесіз?



Тапсырма түрлері

Жабық түрдегі тапсырмалар

Бір дұрыс жауапты таңдайтын

Бірнеше дұрыс жауапты таңдайтын

Сәйкестікті анықтауға берілген

Дұрыс реттілікті анықтауға берілген


Ашық түрдегі тапсырмалар

Қысқа жауапты қажет ететін

Толық жауапты қажет ететін

Эссе

Шындық немесе Жалған



Тұжырымдаманы оқып шығыңыз,
шындық немесе жалған екенін топта
талқылаңыз.

(4-таратпа материалд)

Жабық типті тапсырмалар

- Көп таңдауы бар тапсырмалар
- Ара салмағы, салыстыру
- Шындық немесе Жалған
- Мәтіннен белгілеу
- ...

Бірнеше дұрыс жауапты таңдауды қажет ететін тапсырма үлгісі



Тапсырма

Мәтінді оқып, берілген сөйлемдерден тек қосымша ақпараттарды белгілеңіз (+).

Астрономиялық бақылаулар

Ерте кездің өзінде-ақ алыс сапарға саяхатқа шыққан адамдар түнде жұлдыздарға, күндіз күнге қарап жол таба білген. Астрономиялық бақылаулар бүгінде халық шаруашылығының қатарына: уақытты өлшеу, дәл географиялық карталарды жасау, теңізде, әуеде, ғарыш кеңістігінде аспан шырақтары бойынша бағдар алу жатады. Дегенмен де бүгінде астрономияның мәні бұлармен шектеліп қала алмайды. Ай мен Күн жүйесінің ғаламшарларын зерттеу өзіміздің Жерімізді жақсырақ білуге көмектесе алады. Жер айналасындағы ғарыш кеңістігі мен Жерге жақын маңдағы аспан денелері қазірдің өзінде-ақ адам қызметінің шеңберіне еніп отыр. Болашақта ғарышты игеру адам баласының өмір сүру ортасын кеңейтеді, экологиялық көкейтесті мәселелерді шешуді жеңілдетеді.

Аспан денелерінің көрінбейтін сәулелерінің негізгі бөлігі Жер атмосферасына жұтылады және Жердің бетіне жетпейді. Сондықтан да Жерден жүргізетін бақылауды атмосферадан тыс кеңістіктен жүргізумен толықтыруға болады.

Ақпараттар	«+»
1) Астрономиялық бақылаулар бүгінде уақытты өлшеу, дәл географиялық карталарды жасау, теңізде, әуеде, ғарыш кеңістігінде аспан шырақтары бойынша бағдар алу жатады.	
2) Ерте кездің өзінде-ақ алыс сапарға саяхатқа шыққан адамдар түнде жұлдыздарға, күндіз күнге қарап жол таба білген.	
3) Аспан денелерінің көрінбейтін сәулелерінің негізгі бөлігі Жер атмосферасына жұтылады және Жердің бетіне жетпейді.	
4) Дегенмен де бүгінде астрономияның мәні бұлармен шектеліп қала алмайды.	
5) Сондықтан да Жерден жүргізетін бақылауды атмосферадан тыс кеңістіктен жүргізумен толықтыруға болады.	

Бірнеше дұрыс жауапты таңдауды қажет ететін тапсырма үлгісі



Тапсырма

Мәтінді оқып, екі негізгі ақпаратты белгілеңіз.

- a) Бірінші торда қолдарына білезік таққан қос маймыл отыр екен.
- b) Өткен жұмада Аян деген досым екеуміз хайуанаттар бағына саяхатқа барғанбыз.
- c) Ол жерде ине шаншар орын жоқ екен.
- d) Жаньмыздағы адамдардың айтуынша Африкадан әкелінсе керек.
- e) География сабағында мұғалім Африканы мекендейтін хайуанаттар туралы қызықты мәліметтер айтқан болатын.
- f) Міне, біздің қызықты саяхатымыз осылай аяқталды.

Өткен жұмада Аян деген досым екеуміз хайуанаттар бағына саяхатқа барғанбыз. Ол жерде ине шаншар орын жоқ екен. Досым екеуміз бір шетінен бастап аңдарды қарай бастадық. Алдымен бірінші торда қолдарына білезік таққан қос маймыл отыр екен. Жаньмыздағы адамдардың айтуынша Африкадан әкелінсе керек. География сабағында мұғалім Африканы мекендейтін хайуанаттар туралы қызықты мәліметтер айтқан болатын. Аян екеуміз соны қасымыздағы балаларға айттық.

Әрі қарай жүре бергенімізде сусар мен тасбақаларды көрдік. Бұл тасбақалар әлдеқайда үлкендеу екен. Бүркіт, сұңқар, бірқазандар да темір тордың ішінен орын алыпты.

Сөйтіп келе жатқан екеуміз бір қызыққа ұшырастық. Әдетте ерсілі-қарсылы ұшып жүретін қарлығашты бір жігіт бұлбұлдай сайратып қойыпты. Қазақ киелі санаған құстың бұлбұлша сайрағанына қайран қалдым. Иелерінің айтуынша алдағы уақытта піл мен көкжұтан әкелінбекші екен. Міне, біздің қызықты саяхатымыз осылай аяқталды.

«Иә, жоқ», «дұрыс, бұрыс», «шындық, жалған» тапсырмаларының үлгісі



Тапсырма

1. Мәтінді оқып, мазмұны бойынша «дұрыс» (+), «бұрыс» (-) ақпараттарды анықтаңыз.

Сол күні қазақтың ең әдемі аруы атағы үшін 21 үміткер сынға түсті. Көркіне ақылы сай қаракөз қыздарымыздың барлығы да жеңістен үмітті. Алайда, елдің ең сұлу аруы атану үшін бойжеткендерімізге жеңіл болған жоқ. Байқауға қатысушыларға қойылған талаптар өте жоғары болды. Бұл сайыста арулар сұлу әрі керікті ғана емес, сондай-ақ ана тілін құрметтейтін, тарихын, салт-дәстүрін білетін, әдебиет пен мәдениеттен хабары болуы шарт.

Байқау бірнеше кезеңнен тұрды. Мұнда бойжеткендер шығармашылық және зияткерлік белсенділіктерін көрсетті. Сынға түскен аруларымыз сондай-ақ, қазақ эстрада жұлдыздарымен бірге ән шырқап, би билеп, өнерлерін паш етті. Арулардың өнерін белгілі тележүргізуші Айгүл Мүкей, отандық опера примасы Нұржамал Үсенбаева, ақын Айнұр Тұрсынбаева, байқаудың продюсері Баян Есентаева, театр және кино актері Ғани Құлжановтар бағалады.

«Қазақ аруы» байқауының бас жүлдесі 20 жасар маңғыстаулық Гүлназ Жолановаға бұйырды. Ару тәжін Гүлназға байқаудың былтырғы жеңімпазы Әйгерім Қанатбаева табыстады.

Ақпараттар	Дұрыс (+)	Бұрыс (-)
1) Ең сұлу ару атағы үшін бәсекеге түсу оңай болмады.		
2) Арулар шет тілдерінде жетік сөйлеп, өз ұлтымыздың мәдениетін жақсы білуі тиіс.		
3) Байқау көптеген кезеңдерден тұрды.		
4) Арулардың өнерін продюсер Айгүл Мүкей, театр және кино актрисасы Нұржамал Үсенбаева, ақын Ғани Құлжанов, тележүргізуші Айнұр Тұрсынбаевалар бағалады.		
5) «Қазақ аруы» 20 жасар маңғыстаулық Гүлназ Жоланова атанды.		

Дұрыс реттілікті анықтауға берілген тапсырма үлгісі



Тапсырма

1. Мәтінді тыңдап, оның мазмұнына қарай берілген ақпараттардың ретін көрсетіңіз.

Бір жігіттің әбден қартайған қарт әкесі бар екен. Ол тамағын ішкенде қолдары дірілдеп, алдына тегіп-шашып алатын көрінеді. Қайталана беретін болған соң әлгі жігіт әкесімен ақылдасып, үлкен кісіні дастарқаннан аластатып, тамақты пештің қуысына апарып беретін болған. Алдына шағын итаяқ астау қойған да тамақты соған құя салады екен. Бір күні үй иесінің 10 жасар баласы қолындағы пышақпен әлдебір ағаш жонып жатады. Жігіт таңданып Балам, мына істеп жатқаның не? деп сұрайды.

- Бұл – итаяқ дейді бала.
- Оны не істейсің?
- Әке, сіз қартайғанда ана қуысқа апарып тығамын да, осы итаяқпен тамақ беремін депті баласы. Сол кезде үй иесі өз ісінен қатты ұялып, әкесін пештің қуысынан шығарып, дастарқан басына қайта отырғызыпты.

Ақпараттар	Реті
Баланың итаяқ жасауы	
Өз ісіне ұялған жігіт	
Қартайған әке	

Сәйкестікті анықтауға берілген тапсырма үлгісі



Қызыл кітап – қауіптің дабылы және тірі табиғатты сақтау үшін күрестің нышаны. 1948 жылы дүние жүзінің ғалымдары халқаралық табиғатты қорғау одағын құрды. Бұл одақ жойылып бара жатқан жануарлар туралы тұңғыш кітап шығарды. Кітап деректердің «Қызыл кітабы» деп аталады. «Қызыл кітап» деген атауды ағылшын зерттеушісі Питер Скотт ұсынды.

«Қызыл кітапқа» құлан, арқар, дуадақ, сонымен бірге барыс, аққу, бүркіт, бір қазан, тырна, қызыл қасқыр, жабайы қызғалдақ, аңдар мен құстар, өсімдіктер кіреді. Бүгінгі күні қазақстанның «Қызыл кітабына» балықтар, қос мекенділер, жорғалаушылар, құстар, сүт қоректілер, өсімдіктер енгізілді.

Қызыл кітапқа мәңгілікке жойылғандар жазылады. Олар: дронг, қанатсыз гагара, кезбе кегершін, мамонт.

Жойылып кету қаупі бар жануарлар мен өсімдіктер қорықтарда қорғалып, сақталады. Біздің табиғатымыз өте бай. Бірақ оның байлығы шексіз емес, сондықтан оларды қорғау, сақтау керек! Қазақстанда он қорық бар. Олар: Ақсу Жабағылы, Барса келмес, Үстірт, Наурызым, Қорғалжын, Батыс Алтай, Алматы, Марқа көл, Ала көл, Қара тау.

2. Берілген ақпараттарды өзара сәйкестендіріңіз.

Ақпараттар	Ақпараттар	Сәйкестендіру жауаптары
1) «Қызыл кітапқа» енген жануарлар	a) дронг, қанатсыз гагара, кезбе кегершін, мамонт	1) _____ 2) _____
2) «Қызыл кітапқа» енген құстар	b) барыс, қызыл қасқыр	3) _____ 4) _____
3) «Мәңгілікке жойылып кеткен түрлер	c) Ақсу-Жабағылы, Барса келмес, Үстірт, Наурызым, Қорғалжын	
4) Қазақстан қорықтары	d) аққу, бүркіт, бірқазан, тырна	

Қысқа жауапты қажет ететін тапсырма үлгісі

Тапсырма

1. Мәтінді оқып, олардың тақырыбы мен құрылымын салыстырыңыз.

А мәтіні	Ә мәтіні
Мәтіндер не туралы?	
Мәтіндердің құрылымдық бөліктерге ажыратып, тақырып ұсыныңыз.	
Кіріспе бөлім Негізгі бөлім Қорытынды бөлім	Кіріспе бөлім Негізгі бөлім Қорытынды бөлім



Тапсырма

1. Мәтінді оқып, оның құрылымы мен ресімделуіне назар аударыңыз. Тақырыбы мен қысқаша мазмұны, жанрлық ерекшеліктерін көрсетіп, кестені толтырыңыз.

Мәтін тақырыбы	
Қысқаша мазмұны	
Жанры	
Жанрлық ерекшелігі, дәлелдер	
Құрылымы	

Толық жауапты қажет ететін тапсырма үлгісі



2. Адамның өрт қауіпсіздігін сақтамау салдарынан табиғат аясының отқа оранған жағдайларын естіп, біліп, көріп жүрміз. Осы мәселені көтере отырып, «Өрт жалмаған ормандар» тақырыбында шағын суреттеу, сипаттау эссесін жазыңыз. Сөз көлемі – 70-100 сөз.

Ойыңмен бөліс

- Сіз өз тәжірибеңізде қандай тапсырма түрлерін қолданасыз?

Рефлексия «+», «-», «!!!»



+	-	!!!
Не пайдалы болды?	Не көңіліңізден шықпады?	Ұсынысыңыз!!!